

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗК филиалдары желтоқсанда қалай жұмыс істейді?

Желтоқсан айында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 171 қызмет көрсету кеңсесі барлық санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, алдын ала жазылу бойынша күндізгі қызмет көрсету режимінде жұмысын жалғастыруда.

Күндізгі режимде қабылдауға жазылуды enpf.kz корпоративтік сайтында екі-үш әрекетпен-ақ оп-оңай іске асыруға болады. Сайттың басты бетіндегі «Электрондық сервистер» қосымша бетіне өтіп, «Қызмет алу кезегін брондау» баннерін басып, әрі қарай Сіз Қор филиалдарына келуге болатын ыңғайлы уақытты өз бетіңізше таңдай аласыз.

Филиалдардың жұмыс тәртібі жұмыс күндері 9:00-ден 18:00-ге дейін, сенбі және жексенбі – демалыс күндері. Жұмыс күні барысында операциялық залдарда желдету, ылғалды тазалау (жұмыс үстелдерін, орындықтарды, есік тұтқаларын), дезинфекциялау/кварцтау жүргізіледі. Сонымен қатар филиалдарда әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін арнайы белгілер сызылып көрсетілген.

Мереке және демалыс күндері, яғни 16, 17, 18, 19 желтоқсанда қызмет көрсету кеңселері жұмыс істемейді. Алайда, 20 желтоқсан, жексенбі күні қызмет көрсету кеңселері алдын-ала жазылу бойынша күндізгі режимде 9:00-ден 18:00-ге дейін қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, 30 және 31 желтоқсан да жұмыс күндері болып есептеледі.

БЖЗК қызметтерінің кейбір түрлерін, мәселен, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, деректемелерді өзгерту, ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасасу және т. б. Сіз үйден шықпай-ақ, ENPF ұялы қосымшасы және Қордың www.enpf.kz корпоративтік сайтында орналастырылған Жеке кабинет арқылы онлайн режимінде алуға болатынын естеріңізге саламыз (электрондық қызметтерді алу тәртібі бойынша нұсқаулықтар тиісті бөлімдерде қоса беріледі).

Қордың қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шаралар сақталған барып қызмет көрсету қызметі де жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметті бармай-ақ, қашықтан алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. Азаматтарға барып қызмет көрсету барысында міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын ашу туралы өтініштерді (оның ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтініштерді) ресімдеу қызметі көрсетіледі. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік әлсіз топтары санатына жататын салымшыларға (алушыларға), (мерзімсіз уақытқа мүгедектік берілген 1-2 топ мүгедектері) санитарлық-эпидемиологиялық шараларды қатаң түрде сақтай отырып, сапалы қызмет көрсету жүзеге асырылады.

Қор қызметкерлері салымшыларға (алушыларға) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша кеңес беруге және Қордың электрондық қызметтерін алу үшін қашықтықтан қолдау көрсетуге әрқашан дайын:

- 1) өңірлік бөлімшелердің кезекші қызметкерлеріне телефон байланысы арқылы өтініш жасау (**тізімі** enpf.kz сайтында орналастырылған);
- 2) 1418 қысқа нөмірі бойынша Қордың байланыс орталығына жүгіну;
- 3) +7 777 000 14 18 телефон нөмірі бойынша WhatsApp, Viber чат-боттары;
- 4) www.enpf.kz корпоративтік сайтындағы онлайн-кеңесші;
- 5) өтініштерді enpf@enpf.kz электрондық поштасы арқылы жіберу;
- 6) Instagram, Facebook, ВКонтакте, twitter Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі аккаунттар.

«БЖЗК» АҚ-ның барлық филиалдарының тізімі мен олардың жұмыс тәртібі сілтеме.

бойынша қолжетімді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).